

## «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру» жұмысы бойынша талдау

2022-2023 оқу жыл басында және оқушылар арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» мектеп директорымен арнайы жоспарлар бекітілді. Жоспар бойынша төмендегі іс-шаралар өткізілді:

Мектеп қызметкерлеріне және ата-аналар жиналыстарында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру» бойынша Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінің 2022-2023 жылдарына арналған іс-шаралар жоспарымен таныстырылды.

Мұғалімдерге Watsapp әлеуметтік желі арқылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру» Заңымен таныстырылды.

Мектеп ұстаздарына педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыт бойынша заңмен таныстыру жұмыстары жүргізіліп отырылды.

Директор жанындағы жиында педагогикалық ұжым алдында мектеп директоры А.М.Есмаганбетов «Біз таза еңбекті қалаймыз!» атты баяндамасын оқып, мектеп директоры педұжымға сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге назар аудару керектігін ескертіп, «Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға тыйым салу» туралы бұйрығымен таныстырды.

Мемлекет бөлген ақшалай қаржыны тиімді пайдалану мақсатында әр квартал сайын мектептің бас есепшісі А.С.Мусина мемлекеттік сатып алу туралы мәліметтер беріп отырды. Мемлекеттік сатып алуды 1 көзден 15-тармақтарынан өткізілді.

Мектепте "Құқықтық сауаттылық", "Ар-намыс кодексі", «Сыбайластық жемқорлыққа қарсы» стендтері орын алған, жемқорлық бойынша заң бұзушылықтар туралы ақпаратты жасырын түрде хабарлауға арналған сенім телефоны нөмірлері көрсетіліп, жеке және заңды тұлғалардың арыздары мен хаттарына арналған пошта жәшігі орналастырылды. Осы уақытқа дейін ешқандай арыз-шағымдар түскен жоқ. Сонымен қатар, әр айдың 1 күні жұмыс істейтін мектеп мұғалімдердің және қызметкерлердің тізім жаңартылып отырылды. Оқушылар арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» жоспарын орындау барысында, төмендегідей іс шаралар өткізілді:

1-11 сынып оқушылар арасында ай сайын онлайн түрінде «Адалдық» тәрбие сағаттары өткізіліп отырылды. Бұл тәрбие сағаттар республикалық ұсынымдармен өткізілді.

Мектепшілік ерікті «Адал ұрпақ» клубының жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін қалыптастыруға арналған бағдарлама бойынша жұмыс жасайды. «Адал ұрпақ» клубының бұйрығы, ережесі, жоспары, тізімі директормен бекітілген. Ай сайын мектептің Instagram әлеуметтік желіде «Адалдық сағат» орналастырылады.

Мектебімізде оқушылардың адалдыққа тәрбиелеу мақсатында «Адалдық» дүкені ұйымдастырылды. Оқушылар сатушысыз ақшасын төлеп, қайтарымын алуға тәрбиелейді. Бұл оқушыны адалдыққа үйретеді.

